

ӘОЖ 821.0:378

ГТАХР 17.07.41

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.033>

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

Казтаева А.К.¹, Тоқшылықова Г.Б.², *Хуңшан А.³, Айбергенова А.Б.⁴

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

*³Абылайхан атындағы ҚазХҚжәне ӘТУ, Алматы, Қазақстан

⁴Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ әдебиетіндегі Семей қасіреті тақырыбындағы көркем шығармалар – дәуір шындығын, тұтас ұлтқа жасалған зұлымдықты көркем бейнелейтін туындылар. Бұл шығармаларды қатігез қоғамнан қалған жан, тән жарасын көркемдік иін қандыра шеберлікпен суреттей алған туындылар деуге толық негіз бар. Зерттеудің тақырыбы – прозадағы экология мәселесі, мақсаты – ұлт өмірінде әбден толғағы жеткен, экологиялық зәру мәселені танып, суреттеген жазушы шығармаларының құндылығын, көркемдік ерекшелігін, дәуір шындығының көркем әдебиетте бейнелену үлгісін талдап, тану. Өзектілігі – қазақ халқына сан жылдарға кететін қасірет пен зауал әкелген қолдан жасалған қастандық жайында жазылған шығармалардағы тарихи шындық пен көркем шындықтың сабақтастығын көрсету. Зерттеуде салыстыру, талдау, жинақтау, қорыту әдістері қолданылды.

Қазіргі әдеби туындылар табиғаттың әртүрлі аспектілерін, экологиялық проблемаларды және адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын көрсете отырып, экологиялық дағдарыстың сын-қатерлеріне белсенді түрде жауап береді. Бұл тақырып заманауи экологиялық мәселелер тұрғысынан көркем шығармаларда қандай эстетикалық және этикалық мәселелер көтерілетінін талдауға мүмкіндік береді. Зерттеудің нәтижесі авторлардың экологиялық идеяларды жеткізуде қолданатын әдеби стратегиялары мен құралдарын анықтауға, сондай-ақ қоғамда экологиялық сананың қалыптасуына әдебиеттің әсерін қадағалайды. Зерттеу барысында авторлар Семей полигоны, оның жергілікті халыққа тигізген зардабы жөнінде жазылған туындыларды зерделей отырып, тақырыпты көркем игерудегі жазушылардың қол жеткізген шеберлік қырларын көрсете білген.

Қазіргі әдебиет қаламгерлердің әлем алдында тұрған экологиялық мәселелерді көрсететін эстетикалық аренаға айналуға. Алдағы экологиялық дағдарыс, климаттың өзгеруі және биоалуантүрлілікке қауіп төнуі әдеби дискурстың ажырамас бөлігіне айналуға. Зерттеу нысаны ретінде Р.Нұрғалидың «Өлген тау», Б.Тілегеновтің «Қара жел», С.Досжанның «Қасірет пен тағдыр» шығармалары алынды. Зерттеу қазіргі жазушылардың экологиялық тақырыптарды қалай, қандай контексте және қандай әсермен

қамтитынын жан-жақты талдауға бағытталуымен құнды. Практикалық құндылығы зерттеу нәтижесін әдебиет, тарих, әлеумет, экология саласындағы зерттеу еңбектерде кеңінен пайдалануға болады. Зерттеудің маңыздылығы – алдағы уақытта постколониализм, әлеуметтану, экопроза бағытындағы зерттеулерге белгілі бір үлес қосады.

Тірек сөздер: экологиялық проза, постколониалды әдебиет, қасірет, зауал, ұлт болашағы, полигон, атом қаруы, табиғат, гармония

Кіріспе

Бүгінгі қазақ даласын экология проблемасы жайлады. Арал теңізі тартылып, тұзы жер бетіне таралуда; Байқоңыр ғарыш айлағынан зымырандар көп мөлшерде ұшырылып, құлаған протонның салдарынан жергілікті халықтың шеккен зардабы, ірі қалалардағы завод-фабрикалардың ауаны ластауы сынды бүкіл қазақ даласын шарптитын экологиялық проблема жетерлік. Соның ішінде біздің зерттеуімізде айтылатын мәселе сан жылдар қатпарында көміліп, саясат бұғауында шырмалып келген ащы шындықтың бірі – Семей жерінде орналасқан полигонның қазақ халқына әкелген қасіреті. Қоғам қайраткерлері, тарихшы, эколог, социолог ғалымдардың дабыл қағуымен қатар, қаламгерлер де өз туындыларында бұл мәселеге соны көзқарас тұрғысынан қарап, азат санамен зерделеуге күш салуда.

Әдебиеттің басты міндеті – адам жанын ізгілендіру. Экологиялық тәрбие беруде ғана емес, табиғат алдындағы адамның жауапкершілігін түсіндіріп, сезіндіріп, санасына сіндіруде көркем шығарманың маңызы зор. Әдебиетте Э.Синклердің *Джунгли*, Д.Лондонның *Бабалар үні* шығармаларымен басталған экология мәселесі Джордж Р.Стюарт, Рэй Брэдбери романдарымен жалғасын тапса; С.А.Алексиевич (*Чернобыль дұғасы*), Ю.Вознесенская (*Чернобыль жұлдызы*) шығармаларында тікелей бір аймақтық экологиялық қасіреті сөз болады. Қазақ әдебиетінде бұл өзекті экологиялық проблеманы кеңес билігі тұсында ашық айтып, полигон қасіретін, оның жергілікті халыққа тигізген зардабын «Қара жел» романында ашық суреттеген жазушы – Б.Тілегенов [1]. Бүгінде полигонның қасіреті, бір емес, бірнеше ұрпаққа тигізетін зардабы бүтін ұлт қасіретіне айналғанын көрсету – тәуелсіз қазақ әдебиетіндегі басты тақырыптардың бірі. Қасірет тартқан қазақ даласының, жер тозып, ел азған зұлматтың зарын жеткізген шығармалар қатарына Р.Нұрғалидың «Өлген тау», «Үш аяқты құлын», «Дегелең дерті»; М.Сәрсекенің «Семей қасіреті»; Р.Тоқтаровтың «Полигон»; М.Ибраевтың «Жоғалған өзен»; С.Досжанның «Қасірет пен тағдыр»; Н.Ораздың «Жылқының көз жасы», Р.Мұқанованың «Қызжылаған», Д.Рамазанның «Соңғы дем» шығармаларын атауға болады. «Әрбір ұлт өзінің рухани байлығы мен құндылығын империялар саясатының үсігіне шалдырмай, сақтап қалуға табандылықпен атсалысатынын» ескерсек, қаламгерлердің бұл тақырыпқа баруын азаматтық деуге болады [3]. Өйткені,

қай кезеңде болса да суреткер – өз заманының перзенті. Аталған қаламгерлер экологиялық шындықты көркем шығарма бетінде бедерлесе, оны ғылыми тұрғыдан бағалап, айналымға қосқан зерттеушілер де жоқ емес. Шетелдік ғылымда экология мәселесін Г.Хагган мен Х.Тиффин өз еңбектерінде кеңінен талдаса, отандық ғылымда зерттеген С.Айтуғанова («Шағын прозадағы адам мен табиғат концепциясы»), А.Рамазанова («Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат қарым-қатынасы мәселелері (70-80жж.)»), Ф.Әшірбекова («Қазақ романдарындағы адам мен табиғат байланысының көрінісі»), Қ.Тілеубердиев («Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы табиғат және экология мәселелерінің көркемдік шешімі»), Г.Мусинова («Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация») сынды ғалымдар атауға болады. Осы бағытты жалғастырған бұл зерттеуде жазушылардың туған жері мен халқының жайын қозғаған, яғни ұлттық мүддені жалпыадамзаттық проблемамен сабақтастықта қарағандығы, экологиялық сана ұғымын енгізуге талпынғаны, сол арқылы өзекті мәселеге қосқан үлесі зерделенеді.

Зерттеудің мақсаты – жазушы нысанына іліккен өзекті проблеманың адам-табиғат-қоғам үйлесімділігі аясында шешім табуын айқындау. Қазақ прозасында ХХ ғасырдың 70-80 жылдары уақыт мінберінен және жазушылар шығармаларында орын алған экология мәселесі әлі күнге өзекті. Табиғатқа озбырлықпен, табиғи ресурсқа тонаушылық пиғылда қараудың салдары экологиялық ғана емес, рухани дағдарысқа әкелетіндігі әдебиетте ашық жазылып отыр. Қазақ даласының ұзақ уақыт бойы отаршылдықтың және кеңестік үстемдіктің ықпалында болғандығын ескерсек, қазақ қоғамы мен мәдениетінде осы кезеңдердің терең іздері қалуы заңды екенін түсінеміз [2]. Сондықтан, прозада кеңінен жазылып жүрген, бірақ жеріне жеткізе талданып, зерделенбеген экология проблемасы маңызды аспект ретінде алынды. Бақсақ, Семей деген қасиетті аймақтың құйқалы төсі, шұрайлы жері көрмеген, тартпаған азап жоқ екен. Империялық сана Ұлы Даланы жоспарлы, мақсатты түрде улы алаңға айналдырды. Қасірет шеккен ұлттың ғана емес, Жер-Ананың жан жарасын емдеу бірнеше ғасырға созылатын күрделі шаруа екені белгілі. Дүбірлі дүрбелең кезеңге толы тарихында қаншама зобалаң, қырғынды көрген қазақ елі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін де жақсылық көрмеді. Миллиондаған қазақтың өмірін жалмаған қан майданнан соң да қырық жыл бойы төбесінен ядролық қарудың радиациясы ағып тұрды. Мұны постколониялық экологиялық сын терминін ғылыми айналымға енгізген А.Кросби *экологиялық империализм* деп атаған [4]. Яғни отаршыл империя халықтың табиғи байлығын тонау, тоздырумен шектелмей, денсаулығын да күйретіп кетті. Соның зардабын әлі күнге тартып отырған Қазақстан – ядролық қаруға қарсы күрестің бастаушысы болды. Нәтижесінде бүгінде ядролық қарусыз ел екені белгілі. Зерттеудің

өз кезегінде экологиялық проза, антропоцентризм саласына қосқан үлесін құндылығы ретінде тануға болады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Прозаиктер Б.Тілегеновтың «Қара жел», С.Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романдары зерттеудің негізгі материалы ретінде алынды. Осы туындыларда сөз болған экология мәселесін талдау және интерпретациялау мақсатында салыстыру, контекстік талдау, қорыту әдістері қолданылды. Әдебиеттану ғылымының басты ұстаным, қағидаларының негізінде экология тақырыбын көтерген, тағдырлы, концептуалды шығармаларды іріктеу мен талдауға назар аударылды. Сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау мәселесін қоғамның қабылдауы туралы мәліметтер, ақпараттар, деректер мен соны ой-пікірлер ескерілді. Контекстік талдау нәтижесінде екі шығарма сюжетіндегі адам ниетінен туындаған қасіреттің адам тағдырына әсері, жазушы дүниетанымы мен көркемдік ойлау арасындағы тұтастықты саралауға жол ашылды. Қорыту әдісі арқылы авторлық ұстаным мен көркемдік шешім арасындағы байланысты диалектикалық саралаудан өткізу мүмкін болды.

Әлемді ядролық қарусыздандыру үдерісіне өз үлесін қосқан қазақ халқының әрекетін әлем қауымдастығы қабылдады, қолдады. Осы бағыттағы бітімгершілік құндылығы зор «*Әлем. ХХІ ғасыр*» атты манифесі БҰҰ Бас Ассамблеясының және Қауіпсіздік кеңесінің ресми құжаты мәртебесін алды. Оған қоса, қазақ елі *АТОМ* (Abolish Testing. Our Mission – Сынақтарды жою. Біздің міндетіміз) жобасын жасады. Жергілікті халықтың атом қаруына қарсылығының айғағы ретінде Семей өзеніндегі аралда ядролық полигонның құрбандарына арналған *Ажсалдан да күшті* деп аталатын биіктігі 25 метр алып монумент ашылды. Ескерткіштегі тажал отынан баласын қалқалаған ана бейнесі мәрмәр тастан жасалған. Идеясы – жазықсыз жандардың рухы мен жан азабы халық жадында жаңғырып тұратындығының белгісі. Ал Хиросимадағы атом құрбандарына қойылған ескерткіш *Әлем оты* деп аталады.

Нәтижелер

Қазақ – ертеден табиғатпен арадағы гармонияны сақтауға жете көңіл бөлген мейірімді халық. Көшпелі өмір салтын ұстанғанда жердің ыңғайына қарап, оны тоздырып алмаудың қамымен жазда шөбі шүйгін жайлауда, күзде күздеуде, қыста қыстауда отыруының өзі – соның белгісі. Флора мен фаунаны қадірлеп, қастерлеудің сырын тереңнен ұққан дана халқымыз бүгінгідей жерді дәрілеуге де жол бермей, қонып, үй тігетін жеріне алдымен қойды жайып жіберетін болған. Мақсаты – осы жерді мекендеген, шақса адам өліп кететін улы қарақұрттан тазалау. Ал қарақұрт қой үшін пайдалы, тез семіріп, күйленетін болған. Демек, табиғат ананы еміп өскен қазақ

баласы оның қыр-сырын жетік білген. Уақытының көп бөлігі табиғат аясында өткендіктен, оңаша қалып, сырласу, түсіну, тану, түсінісу негізінде өзінің де табиғаттың бір бөлшегі екенін жанымен, рухымен сезінген. Оған зиян келтірмей, барынша қамқорлық жасап отырған.

Күнделікті тұрмыс-тіршілігінің өзегінде табиғатқа деген адалдық, махаббат жатқан халық даналығы тым көп. Көшпелілердің барлық салт-дәстүрі, өмірлік философиясы, таным-түсінігі табиғатпен тығыз байланысты. Адам табиғаттың бір бөлшегі екенін жадынан шығармай, одан керегін алып, ресурстарды (аң, құс, жем-шөп) үнемдеп пайдалануының арқасында табиғатпен үйлесімді экожүйе құра білді. Табиғатынан эколог деуге болатын қазақ халқының экологиялық тағылымы обал-сауапқа, гуманизмге негізделген ырым-тыйым, мақал-мәтелдерінде жатыр.

Адамның табиғатқа тигізген әсері ұлғайды. Өзін табиғаттың қожайыны сезінудің үлкен трагедияға алып келетіндігіне дәлелдер жеткілікті. Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды, ендігі шабуылды адамдар табиғаттан күтеді деген ғалым К.Циолковский сөзінің ақиқаттығына ден қоямыз. Табиғаттың төл бесігінде тербеліп өскен адамзат баласының қоршаған ортаға шабуылы мен қатігездігі шектен шықты. Ғылыми-техникалық прогрестің салдарынан тарихи тамырынан ажырай бастаған адамзат ұрпағы бүгінде азып-тозуда. Жарық дүниеге адам кейпінен ада боп кеп жатқандардың бейнесіне (*екі басты, құс қанатты, қасқыр ауызды, қоян ерінді т.б.*) қараудың өзі қорқынышты. Адамзат мен табиғат арасындағы тепе-теңдіктің өзгеруіне бірден-бір ықпал еткен фактор – ғылымның дамуы.

Бүгінгі қазақ прозасы табиғат пен кейіпкер арасындағы байланыс тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде адам концепциясы мен табиғат (экология) мәселесін көркемдік шешімі тұрғысынан зерттеуге әкеледі. «Бұл күндері планеталық маңыз алып отырған экология, оның арғы жағындағы халық мүддесі әр уақытта қаламгердің де басты мүддесі болуы хақ. Биосфераны, табиғатты қорғау сияқты аса күрделі мәселені шешуде де халқымыз өз жазушыларына үлкен үміт артуда» [5]. Жазушыларымыз бұл үміттің үддесінен шыға білді. Поэзияда Қ.Мырзалиев Қызыл кітап поэмасын тұтас экология мәселесіне арнаса; прозаиктер мен драматургтер де қалыс қалған жоқ. Қ.Ысқақ өр Алтай байлығының ресурстарының кеміп бара жатқанын; Ә.Нұрпейісов Арал проблемасын; Қ.Жиенбай Барсакелмес аралының жай-күйін, Ш.Құмарова Нарын құмындағы полигон құрбандарын сөз етті. «Кеше Арал тартылып, ана жақта – Қазақстан, мына жақта – Байқоңыр, ол аз дегендей Маңғыстаудың мидай жазық даласы мен Ақтөбенің қатпар-қатпар кәрі таулары, Орал мен Орданың шағыл құмдарына үсті-үстіне бомба жарып, ұлан байтақ жер-су, ел-жұрт жаппай полигонға айналғалы бері бұл дүниеде қазақ татпаған у мен дерт қалды ма?» [6, 49 б.].

Тәуелсіздік алғанға дейін кеңестік жүйе қазақ даласына асқан қатігездікпен қарап, ойына келгенін істеп бақты. Қазақстан территориясында

төрт ірі әскери-сынақ полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы, Возрождение аралында биологиялық полигоны (*мұнда оба, күйдіргі, бактерологиялық аурулардың ошағы бар*) жергілікті жердің табиғи ресурстарын ысыраппен пайдалану арқылы тоқтаусыз жұмыс істеп тұрды. Оған қоса, Арал теңізінің тартылып, тұзының ұшып, даланың шөлге айналуы; Каспий теңізінде мұнай-газ қорының қарқынды өндірілуі, өнеркәсібі дамыған қалалар (Қарағанды, Екібастұз, Теміртау, Ақтау, Қазақстан, Өскемен) да ластанып, экологиялық аймаққа енуде. БҰҰ сарапшылары қазақ жерінің 66 пайызы, яғни 180 млн гектар жері шөлейтке айналған, экологиялық қолайсыз аймақ ретінде таниды. Қазақстан экологтары жерімізде 21 млрд тонна өнеркәсіп қалдығы жиналып қалғанын (үштен бір бөлігі токсидті; дені қара металлургия, мұнай химиясы т.б.) соның 30 млн тоннасы радиоактивті қалдықтар екенін дәлелдеді.

Табиғатқа адам қолымен жасалған қатігездіктің салдарын халық тартып отыр. Бүгінде Қазақстанның тұрмыс деңгейі жақсарғанмен, халық денсаулығы айтарлықтай жақсы емес. Ал денсаулық – ұлт болашағының кепілі екені ақиқат. Экология мәселесі ертеңді күте алмайды.

Ажал шашқан тажалды тұншықтырып, полигонды жабу – қазақ халқының мерейі, тәуелсіздіктің жетістігі екендігінде дау жоқ. Бұл тек бір ел, бір территорияға ғана зардабын тигізетін нәрсе емес, әлем халқы үшін ядролық қатер төндіретін проблеманың ортақ мәселе екенін көрсетті. Кеңпейіл қазақ халқы туған даласына азап әкеліп, өлім сепкен қасіреттің ешбір елде қайталанбауы үшін жанталасты. Қолынан келгенше оның қасіретін көрсетіп, дәлелдеп бақты. Ядролық қарусыз әлем – адамзат болашағының кепілі екенін, ол тек қазақтың ғана арманы емес, адамзатқа қарсы жасалған зұлматтан бас тарту, қатерлі қарусыз әлем құру – бейбітшіліктің кепілі, барлық халықтың міндеті, адамзаттың ең ізгі мұраты екенін түсіндірді. Семей полигонында қолдан жасалған қасіреттің салдарынан ұлттың қасірет шеккенін, полигон бар жерде пәле де болатынын, шынтуайтында бұл *кеңестік одақтың жетістігі емес, керісінше жетесіздігі (Х.Жақыпов)* екені, қазақ қана емес, бүкіл жаһан тағдырына жауапсыздықпен қараған қатігездік екені белгілі. Семей полигоны – ол сол бір қатігез қоғамнан қалған мәңгілік бала бейнелерді тудырған мәңгілік жазылмас жара. Тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі ұстанымы – ядролық қарудан бас тарту, әлемге қасірет төндірген тажалды тұншықтыру.

Зерттеудің негізгі нәтиже ретінде Кросби, Боэмер, Мусаев, Тілеубердиев сынды зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, талдау нысанына алынған туындылардың постколониялық контексте талдануын, адам мен табиғат экологиясы маңызды аспект ретінде дәлелденуін айтуға болады.

Талқылау

Бұл күнде ғаламдық проблемаға айналған экология мәселесіне қаламгерлер де өзіндік үлесін қосуда. Постколониалдық сыншы Э.Бозмердің пікірінше, «әдебиет қоғам мен саяси шындықты жай бейнелеп қана қоймайды, ол отаршылдықты суреттей отырып, оған белсенді түрде қатысып, бақылап, отаршылдықтан құтылу және ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісін де қамтиды» [7, 96.]. Қазақ әдебиетінде полигон зардабын сөз ету Ғ.Мүсіреповтен басталды. Ол өзінің «Жапон балладасы» атты туындысында Хиросима, Нагасаки қасіретіне үңілді. Жапон халқы шеккен қасіретті М.Әуезов те бөлісіп, жапон сапарында митингіге қатысып, сөз сөйледі. Осылайша іштегі тұншыққан зарын, күйігін, ашу, ыза, өкінішін шығарды. Себебі, олар итальяндық ақын Марино айтқандай мылқау шешеннің күйін кешті. Өз еліндегі бассыздықты, халықты қырып жатқан тажалды айтуға субалтернге тыйым салынған еді. Яғни, зерттеуші Спивак айтқандай, субалтерннің сөйлеуге құқы жоқ. Бұл қасіреттің әлемге паш етіліп, Семей халқының жан жарасы мен тән жарасына ең алғаш көңіл бөлген – жазушы М.Әуезов екендігіне С.Досжанның романында ерекше орын берілген. Қаламгер романда қазақ өмірінің көлеңкелі тұстарын ашық көрсетуді мақсат еткендіктен де материалын терең зерттеп, үлкен дайындықпен келгені романның әрбір бетінен байқалады.

Семей жерінде орналасқан полигонның зардабынан Жер-Ананың талқандалған жатыры Дегелең тауы болатын. Өмірде адам өлсе, көңіл айтып, қайғысын бөліседі. Ал қазақ жерінде табиғаттың бір бөлшегі Дегелең тауы өлді. Ертістің жағасы, Шыңғыстаудың бауыры, Бесқарағай, Абыралы мен Қарауыл аудандарының халқы ядролық сынақтардан зардап шекті. Дегелең тауының астындағы шахталарда жасалған жарылыстардан тау үйіндіге айналды. Мұның шындығын біз осы өңірдің тумасы белгілі балалар жазушысы С.Бегалин басындағы жайды қозғаған әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалидың «Өлген тау» әңгімесі арқылы білеміз. Әлемде ең бірінші болып адам қолымен жасалған зұлматтың салдарынан тірі табиғат – таудың өлгенін көрген де қазақ елі болды. Табиғаттың жаратқан сыйы Дегелең тауы жойылып, оның жанынан халық үшін тажал болған Атом көлі пайда болды. Үздіксіз жасалған жарылыстың зардабын жергілікті халық тағдырымен байланыста көрсеткен туынды Б.Тілегеновтың «Қара жел» романында Атом көлі зиянын айтпағанда аққу ұшып, қаз қонбайтын көл екені баяндалды.

Әдебиеттегі экология – заман тудырып отырған іргелі тақырып. Адамзат қауымына мың жылдық қасірет дертін жұқтыратын, ғылым ойлап тапқан ұлы жаңалықтың адам үшін сұмдық зардаптары ашық айтылуда. Мыңдаған қазақтар радиация залалына тап болды. Бұрын ақындарымыз (Абай, Ыбырай, Сәкен, Жамбыл т.б.) тамылжыған табиғатты тамсана жырлап, оқырманға жақсы көңіл-күй, ләззат сыйласа, бүгінгі суреткерлерден ондай

сүйсіну, тамсану, мақтану сезімін байқай алмаймыз. Бүгінгі жазушылар ызадан, өзекті өртеген қайғыдан қолына қалам алып, табиғат мәселесіне азаматтық үн қосу мақсатында жазады. Оның ең басты себебі, бүкіл қазақ даласын жайлаған экология мәселесі, жердің тозуы.

Полигон – қасірет. Ұлы Абай елінің, қыр қазақтарының жағдайы тым ауыр болды. Бастарына түскен трагедияның нақты себебін тым кеш білген, ядролық сынақтардың зауалын үкіметтен сұрап, талап ету ойларына да келмеген аңғал қазақ үшін ең қиыны – балаларының, артында қалған ұрпағының кемтарлыққа ұшырауы еді. Шала есті, бір мүшесі кем туатын, қол-аяғы, бет-аузы, тандайы жоқ, қоянжырық балалар көптеп туылды. Отыз жастағы жүргізуші Телтайдың отбасында жон омыртқасы иілген доғадай, кәдуілгі бүкір, екі қолы жоқ бала дүниеге келгенде: Бұл енді Құдайдың жіберген жазасы маған. Тек не үшін жазықты болғанымды білмеймін. Бір пендеге жасаған зәредей қысастығым жоқ. Не дерімді білмей отырмын, жарандар! - деп кемсеңдегенде ағайындары да жұбата алмай, қоса еңірейді. Сонда биология пәнінің мұғалімі көршісі: Телтай інім, бекерге егілме. Рымжан келіннің мына бүлдіршіннің кемтар болып туғанына зәредей кінәсі жоқ. Сендерді сорлатқан – әскери көршілеріміздің жиі дүңкілдеткен жарылысы. Мүгедек нәрестелер полигонға ұрымтал ауылдардың бәрінде тууда. Рымжанды шошытпаңдар, бойын жинағанша балақанды орауын ашпай емізсін. Телтай, он екі мүшесі сау балаларың аман болсын [8, 197 б.] - деп жөнін айтқан екен. Міне, бұл бүгінде бүкіл әлемге танымал суретші Кәріпбек Күйіковтың өміріндегі шындық болатын.

Кәріп деген сөздің түпкі мағынасы – мүгедек, шарасыз деген ұғымды беретіні белгілі. Баласының өмірден көп тауқымет көретінін түсініп, білгендіктен де осындай есім бергені түсінікті. Бірақ, Кәріпбек бүкіл әлемге танылған оптимист, позитив жан Ник Вуйчич сынды өз тағдырына қасқайып қарсы тұрып, өмірден өз үлесін алуда ешкімнен кем қалмады. Жазушының суреттеуінде ол жанары ашық, жалпақ беті мейірімді, дауысы құлағыңа жағымды. Өмірден тауқымет көрсе де, әлемге кеңпейіл көңілмен, асқан мейіріммен қарайтын, маңдайы жазық, айрықша жаратылыс еді. Жан дүниесінен ізгілік білінеді. Сөзі тас жаратындай нық та дәлелді. Салған суреттерін көргеннен соң ерекше дарынына тәнті боласың. Екі қолы жоқ болғанымен, осы қалпында төрт құбыласы түгел, мақсатына жеткен кемел жандай. Қарайсың да рухының мықтылығына қайран қаласың [8, 199 б.].

Жазушылардың бұл тақырыпқа тереңдеп бару себебі, өз қоғамының дертіне батыл үн қосу, ел тағдырын бөлісу, адамзат баласының табиғат алдындағы жауапкершілігін өздеріне ұғындыру. Табиғат адамға емес, адам тіршілік ету үшін табиғатқа тәуелді екенін кейіпкерлердің ауыр, бақытсыз тағдыры арқылы түсіндіру. Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынастың өзара үйлесімді дамуы, адамның рухани және табиғи өсуіне қажетті алғышарт – таза экология екенін бағамдау. Өйткені, адамның таза

табиғатқа деген зәрулігі күн санап ұлғайып келеді.

Өмір шындығын көркем суреттеу – әдебиетте кеңінен жайылған үрдіс. Өмір шындығы мен көркемдеу, қиялдаудың көркемдік байланысы шығарма өзегіндегі күрделі мәселе. Отарлаудың тозағына күйіп, мандайы тасқа ұрылған халық тағдыры бейнеленген көркем шығармаларда өмір шындығы бұрмаланбаған деуге негіз бар [9]. Ширек ғасыр атом бомбасының қою кара түтіні шарпыған Қарауыл аспанында бейбітшіліктің, тыныштықтың, жақсылықтың символы сынды ақ көгершіндер еркін ұшып, үкімет ядролық қаруды сынауға тыйым салу, мораторий жасау туралы шешім шығарып, мұқым Семей жұртының жетістікке, жеңіске жетем дегенге дейінгі қиын тағдыры мен күйі шығарма кейіпкерлерінің трагедиясымен сабақтастықта беріледі. Автор бір ғана Аяулымның басындағы талайсыз тағдырын суреттеумен қатар, бүкіл қазақ халқының басына төнген зауалдың сыры мен сипатын, себебі мен салдарын кеңінен ашып көрсетеді. Ол үшін бірқатар құнды да тарихи мәліметтер мен құжаттарды пайдаланады. Солардың қатарында өлкелік патология институтының директоры, профессор Б.Атшабарұлының Семей ядролық полигоны туралы адасу; жазушы М.Сәрсекенің Семей қасіреті; педагог, журналист, қоғам қайраткері, Невада-Қазақстан қозғалысының белсенді мүшесі М.Аймақовтың Көргендерім атты кітаптары; Қазақ КСР Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы К.Бозтаевтың материалдары; Невада-Семей антиядролық қозғалысының облыстық бөлім бастығы М.М.Оразалин; қазақтың маңдайына біткен адал ұлы, академик С.Балмұқановтың полигон зардаптарын әшкерелеудегі терең ғылыми талдаулары мен материалдары роман желісінде молынан пайдаланылғаны оның деректілік негізін күшейте түскен. Бір ғана К.Бозтаевтың еңбегінің өзі мызғымас кеңестік билікке қарсы қуатты қару болғанын да роман оқырман санасына жеткізе білгені – жазушының азаматтық позициясын байқатады.

Шығармада Қ.Сәтбаевтың ұйымдастырған экспедициясы нәтижесінде көп жайдың беті ашылған шындығы берілген. Кеңестік саясаттың жасап жатқан сұмдығын халық кеш түсінді. Бастапқыда табиғаттың жұмбақ құбылысы деп қабылдады, одан соң үкіметіміз күшейіп жатыр деп қуанды. Аңғал қазақ мемлекетіміз мықты, сонау түкпірдегі ауылға жер сілкінетінін ескертіп, халқын ойлап, сақтандырып жатыр деп риза болып, сүйсінді. Дала мен тауды дүр сілкіндірген жарылыстар үйреншікті әдетке айналды. Жердің асты-үстінде атом сынағын жүргізіп, суды – уға, тауды – топыраққа, даланы – күлге айналдырып жатқанын аңғармады.

Экология тақырыбын көркем игерудегі жазушылардың қол жеткізген шеберлік қырларын сөз еткенде, ұлттың туған жерге деген адалдығымен, махаббатымен қатар, ішкі жан-дүниесінің тереңдігін суреттеуі деуге болады. Қандай қатігездік, жауыздық көріп жатса да қазақтың өз менталитетіне тән кеңпейілділігін жоғалтпағандығына мән береді авторлар. Шынайы оқиғаларды арқау ете отырып, үлкен мәні бар, адамдық асыл

мұрат-мақсаттарға ден қояды. Жолсыз, жөнсіз саясаттың құрбаны болса да жомарттығынан таймаған халық екенін көрсетеді. Талдауға алынған туындылардағы кейіпкерлердің жаны беймаза, іші алақұйын, қу жанын небір тынымсыз ойлар түртпектеп, күрсініске толы лепті сыртқа лықсыта беретін жандар.

Жазушылар Б.Тілегенов, С.Досжан осы ақиқатты әлем сахнасына алып шықты. Олардың романдары шын мәнінде рецепиенттер арасында экологиялық сана ұғымын қалыптастырды. Екі жазушы романында басты кейіпкердің қиын тағдыры арқылы бүтін бір әулет, бүтін бір аймақ, қала берді бүтін қазақ халқының басына түскен қасірет толық суреттелумен қатар, оның себебі мен салдары, зардабы толық көрініс тапты. С.Досжан кейіпкер проблемасының шынайылығын дәлелдеу үшін бірқатар тарихи құжаттар мен мәліметтерді, осы проблемаға қатысты ғалымдар, тарихшылар мен әдебиетшілердің еңбектерін кеңінен пайдаланып отырды. Жазушының өмірлік, тарихи ақиқатты суреткерлікпен таңдап, талғап алып, оны көркем бейне, көркем шындық жасауға пайдалана білуі, уақыт пен көркем шындықтың арақатынасын үйлестіру принциптері шеберлік тұрғысынан бағамдалады.

Зерттеу еңбек экопроза бағытында жарияланған еңбектерде көтерілген ой, тұжырымдарды дамыта отырып, оқырманға ықпал ету қуаты мен бойында гуманистік сезімін оятуға қауқары мол шығармаларды бағалауға ерекше мән береді. Рецепиентті шығарма мәніне бойлата отырып, терең қабаттарын түсіндіріп беруі болашақта жүргізілетін зерттеулерге оң бағыт бола алады.

Қорытынды

Экология қазіргі кезеңде тіршілік атаулының келешегі туралы, тірі табиғатты апатты жағдайдан құтқарудың жолдарын қарастыратын ғылым ретінде қалыптасып, даму үстінде. Ол – тек бір халықтың, не болмаса адамзаттың мұңы мен жоғын жоқтайтын жай утопия емес, күллі тіршілік атаулының болашағына алаңдайтын адамзат санасындағы гуманистік ой-тұжырымдардың жиынтығы [10, 3 б.]. Экология мәселесін шешуге күллі әлем алаңдап, атсалысып, назар аударып отыр. Табиғатқа деген қорқаулық көзқараспен табиғатты бағындырамыз деу – абсурд. Алдағы уақытта адамзат алдында тұрған тіршілік дүниесін сақтау мәселесі күн тәртібінен түспек емес. «Егер адамдар табиғатқа және бір-біріне деген қарым-қатынасын қалпына келтірмесе, рухани азып-тозуын, құлқын құмарлығын, имансыздығын тоқтатпаса, биосферадағы жағдайлар апаттық күйге түсетіні анық» [11].

Семей қасіретіне арналған туындылардың басты құндылығы – тарихилық, шынайылық сипатының жоғарылығында. Жазушылар табиғатқа құндылық ретінде қарауға үндейді. Адам мен табиғат үндестігін дәріптейді.

Жер-Анаға деген технократтық көзқарастың салдарын адам тағдыры, трагедиясы арқылы көрсетті. Қазақстан даласының түйткілді, қордаланған экологиялық мәселесін шешу мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылу керек екенін баса айтты.

Өмірлік материалды терең және жан-жақты зерттеп, полигон мәселесін қаузаған жазушыларды шығармашылық ұстанымына адал жазушылар деуге болады. Олар халық қасіретін сезінді, өздерінің олармен бірге екенін, әрқашан өзіндік үн қосуға, моральдық тұрғыдан жәрдем беруге дайын екендіктерін білдірді. Бүлінген Семей даласы – жер қасіреті ғана емес, ұлт, ұрпақ қасіреті екеніне бүтін әлемнің назарын аудара білді. С.Досжанның Қасірет пен тағдыр романының бірқатар әлем тілдеріне аударылуы – соның көрсеткіші. Автор ғаламды жайлаған экология мәселесінің түп тамыры – қоршаған ортаға деген немқұрайды көзқарас екенін, адамның табиғатсыз күні жоқ екенін негіздеді.

Полигон зардабын өз басынан өткерген ел ғана түсініп, сезіне алады. Семей полигоны қазақтың жеті атасына кететін қасірет әкелгені (*Ә.Қаба*) ақиқат. Ол – жер жарасы ғана емес, елдің де наласы. Оның зардабын әлі талай ұрпақ тартатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр. Асқан айуандықпен әрі қатігездікпен Жер-Ананы қырық жыл бойы күрсінтіп, күңіrentіп келген аждаһа ауыздықталғанымен зардабы толық жойылып біткен жоқ. Жер мен ел жарасын жазып, емдеп, сауықтыру оңай дүние емес. Бұл әлі бірнеше жүзжылдықтарға қаралы күндер ақиқаты болып кете беретіні өкінішті.

ӘДЕБИЕТ

[1] Тілегенов Б. Қара жел. Роман. – Қарағанды: Qasym баспа үйі, 2024. – 358 бет.

[2] Токшылыкова Г.Б., Сартбаева Э., Бораш Р.Б. Қазақ даласын отарлау процесінің әдебиеттегі көрінісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. –2023. –Том 71, №3. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.028>

[3] Исмаилова О., Токшылыкова Г., Әбдіғазизұлы Б. Қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық құндылықтар көрінісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – Том 67, №4. – Б. 307-318. DOI 10.48371/PHILS.2022.67.4.023

[4] Crosby A. Ecological imperialism // The Biological expansion of Europe. – Cambridge University Press. – P. 32.

[5] Мұсаев А. Экология және әдебиет // Денсаулық. – 1996. – №2. – Б. 4-5.

[6] Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы: Қазақстан, 1999. – 472 б.

[7] Boehmer E. Colonial and Postcolonial Literature: Migrant Metaphors. Oxford university Press. 2005. P.9.

[8] Досжан С. Қасірет пен тағдыр. Роман. – Алматы: Нұрлы әлем, 2021. – 360 б.

[9] Tokshylykova, G., Abdul Rakhmanuly, A., Assylbekuly, S., Kalibekuly, T. The horse as a symbol of cultural identity and resistance in Kazakhstan's colonial history // Journal of Infrastructure, Policy and Development. – 2024. – № 8(12). – P.9038 <https://doi.org/10.24294/jipd.v8i12.9038>

[10] Тілеубердиев Қ. Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы табиғат және экология мәселелерінің көркемдік шешімі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. – Түркістан, 2004. – 30б.

[11] Біздің даусымыз бүкіл әлемге естіледі. XX ғасыр ядролық қарудан тазарған дүниені қалайды атты халықаралық конференцияның есебі / Егемен Қазақстан, 2001. 30 тамыз.

REFERENCES

- [1] Tilegenov B. Kara jel. Roman. – Qaragandy: Qasym, 2024. – 358 b. [in Kaz.]
- [2] Tokshylykova G.B., Sartbaeva E., Boraş R.B. Kazaq dalasın otarlaw procesinin adebiettegi korinisi // Abılay xan atındaǵı KazHKjATU Xabarshısı. Filologiya seriyası. – 2023. – Tom 71, №3. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.028> [in Kaz.]
- [3] Ismailova O., Tokshylykova G.B., Abdigaziuly B. Kazirgi kazak prozasyndagi ulttyk kundylyktar korinisi // Abılay xan atındaǵı KazHKjATU Xabarshısı. Filologiya seriyası. –2022. – T. 67, №4. – B.307-318. DOI 10.48371/PHILS.2022.67.4.023
- [4] Crosby A. Ecological imperializm // The Biological expansion of Europe. 900. Cambridge University Press. P. 32. [in Eng.]
- [5] Musaev A. Ekologiya jane adebiet // Densaulıq. – 1996. – №2. – 4-5bb. [in Kaz.]
- [6] Nurpeyisov A. Songı parız. – Almaty, 1999. – 472 b. [in Kaz.]
- [7] Boehmer E. Colonial and Postcolonial Literature: Migrant Metaphors. – Oxford university Press. 2005. – P.9.
- [8] Dosjan S. Kasiret pen tagdır. Roman. – Almaty: Nurlı alem, 2021. – 360 b. [in Kaz.]
- [9] Tokshylykova G., Abdul Rakhmanuly A., Assylbekuly S., Kalibekuly T. The horse as a symbol of cultural identity and resistance in Kazakhstan's colonial history // Journal of Infrastructure, Policy and Development, 2024, – № 8(12). – 9038. <https://doi.org/10.24294/jipd.v8i12.9038>
- [10] Tileuberdiev K. Kadir Mirzaliev shıǵarmalarındaǵı tabıgat jane ekologiya maselelerinin korkemdik seshimi. Filologiya ǵılımdarının kandidatu ǵılımi darejesin alu ushin dayındalǵan dissertaciyasının avtoreferatı. -Turkistan, 2004. – 30b. [in Kaz.]
- [11] Bizdin dausımız bukil alemge estiledi. XX ǵasır yadrolıq qarudan tazargan dunieni qalaydı attı xalıqaralıq konferenciyanın esebi / Egeмен Kazaqstan, 2001. 30 tamız. [in Kaz.]

ПРОБЛЕМА ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

Казтаева А.К.¹, Тоқшылықова Г.Б.², * Хуңшан А.³, Айбергенова А.Б.⁴

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

*³ КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

⁴Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

Аннотация. Художественные произведения на тему Трагедия Семей в казахской литературе – произведения, правдиво художественным языком описывающие реальность того времени и зло, причиненное целой нацией. Эти произведения передают душевные, телесные раны жестокого общества. Цель исследования – поднять экологическую проблему, проанализировать и признать ценность произведений писателя, художественную специфику, модели отражения в художественной литературе реалий эпохи, которые нашли свое отражение в жизни нации и ждут своего решения. Актуальность данного исследования состоит в том, чтобы показать взаимосвязь исторической и художественной правды в произведениях, где авторы пишут об искусственно созданном заговоре, принесшем казахскому народу долгие годы страданий и несчастий. В исследовании использовались методы сравнения, анализа и наблюдения.

Современная литература активно реагирует на вызовы экологического кризиса, внедряя в свои тексты разнообразные аспекты природы, экологических проблем и взаимодействия человека с окружающей средой. Данная тема предоставляет уникальную возможность проанализировать, какие эстетические и этические вопросы поднимаются в художественных произведениях в свете современных экологических вызовов. Исследование позволит выявить литературные стратегии и средства, используемые авторами для передачи экологических идей, а также проследить влияние литературы на формирование экологической сознательности в обществе.

Литература неизбежно становится свидетельницей и отражением экологических вызовов, стоящих перед человечеством. Экологический дискурс в художественных текстах выступает как эстетическая и этическая платформа для обсуждения проблем окружающей среды, природы и взаимодействия человека с природой. Данное исследование направлено на системный анализ того, как современные литераторы вписывают в свои произведения экологические темы, а также какие вызовы и перспективы отражаются в их текстах. Практическая ценность результатов исследования может быть широко использована в исследовательских работах в области литературы, истории, общества и экологии.

Ключевые слова: экологическая проза, постколониальная литература, страдания, трагедия, будущее нации, полигон, атомное оружие, природа, гармония

THE PROBLEM OF ECOLOGY IN KAZAKH PROSE

Kaztaeva A.K.¹, Tokshylykova G.B.², *Khungshan A.³, Aibergenova A.B.⁴

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*³ Ablai Khan KazUIR and WL, Almaty, Kazakhstan

⁴ Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The artistic works on the theme Tragedy of Semey in Kazakh literature are truthful depictions that, through artistic language, describe the reality of that time and the harm caused to an entire nation. These works convey the emotional and physical wounds inflicted by a cruel society. The aim of this study is to highlight the ecological issue, analyze, and recognize the value of the writer's works, their artistic specificity, and the models of reflecting the realities of the era in artistic literature, which have found their echo in the life of the nation and await resolution. The relevance of this research lies in demonstrating the relationship between historical and artistic truth in works where authors write about an artificially created conspiracy that brought the Kazakh people long years of suffering and misery. The study used the methods of comparison, analysis and observation.

Contemporary literature actively responds to the challenges of the ecological crisis by incorporating various aspects of nature, environmental issues, and human interaction with the environment into its texts. This topic offers a unique opportunity to analyze what aesthetic and ethical issues are raised in literary works from the perspective of contemporary environmental problems. The study aims to identify the literary strategies and tools used by authors to convey ecological ideas and to track the impact of literature on the formation of ecological consciousness in society.

Modern literature is becoming an aesthetic arena where writers highlight the ecological issues facing the world. The impending ecological crisis, climate change, and threats to biodiversity are becoming integral parts of literary discourse. This research is focused on a comprehensive analysis of how contemporary writers cover ecological topics, in what context, and with what impact. The practical value of research results can be widely used in research works in the field of literature, history, society and ecology.

Keywords: ecological prose, postcolonial literature, suffering, tragedy, future nation, landfill, atomic weapons, nature, harmony

Мақала түсті: 20 қаңтар 2025

Авторлар туралы мәлімет:

Казтаева Айымжан Қанатқызы - «Әдебиеттану» мамандығының PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>

Тоқшылықова Гульназ Базарбаевна – PhD докторы, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-4116-5042>

Хуңшан Айжан – аға оқытушы, Абылайхан атындағы ҚазХҚжәне ӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: aijan.kunsa@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5451-4018>

Айбергенова Айдана Бакытжановна – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының PhD докторанты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: dana9508@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0928-9870>

Информация об авторах:

Казтаева Айымжан Канатқызы – PhD докторант специальности «Литературоведение», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>

Тоқшылықова Гульназ Базарбаевна – доктор PhD, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-4116-5042>

Хуңшан Айжан – старший преподаватель, университет КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: aijan.kunsa@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5451-4018>

Айбергенова Айдана Бакытжановна – PhD докторант специальности «Казахский язык и литература», Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: dana9508@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0928-9870>

Information about the authors:

Kaztaeva Aiymzhan Kanatkyzy – PhD student in the specialty “Literary Studies”, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>

Tokshylykova Gulnaz Bazarbaevna – PhD, senior teacher, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnaz_lit75@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-4116-5042>

Khungshan Aizhan – Senior lecturer, Ablai Khan KazUIR and WL, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aijan.kunsa@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-5451-4018>

Aibergenova Aidana Bakhytzhankyzy – PhD student in the specialty “Kazakh Language and Literature”, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dana9508@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0928-9870>